

## **Кәсіпорындардың еңбекті қорғау қызметі туралы**

### *Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі 1994 жылғы 11 наурыз N 20. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1994 жылғы 11 қарашада тіркелді. Тіркеу N 20. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

"Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы қаңтардың 22-сіндегі N 19-15-ХІІ қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы желтоқсанның 17-сіндегі N 1270 қаулысына сәйкес Еңбек министрлігі қаулы етеді:

1. Кәсіпорындардың еңбекті қорғау қызметі туралы үлгі ережесі бекітілсін / қ о с а т і р к е л і п о т ы р / .

2. Еңбекті қорғау департаменті /Ю.А.Романов жолдас/ ережені еңбекті қорғаудың аймақтық басқармаларына, министрліктер мен ведомстволарға, мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарына жеткізетін болсын.

*Министр*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Е ң б е к                      м и н и с т р л і г і н і ң

1994 жылғы 11 наурыздағы

4 9                      қ а у л ы с ы м е н  
б е к і т і л г е н

## **Кәсіпорындардағы еңбекті қорғау қызметі туралы**

### **ҮЛГІ ЕРЕЖЕ 1. Жалпы ережелер**

1.1. Еңбекті қорғау қызметі кәсіпорынның дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады және олардың ұйымдық-құқықтық формалары мен меншік түрлеріне қарамастан әрбір кәсіпорында құрылады.

1.2. Еңбекті қорғау қызметі өзінің жұмысында "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, еңбектің қауіпсіздігі және өндірістік ортаның гигиенасы жөніндегі заңдық және нормативтік актілерді, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулылары мен Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Еңбекті қорғау департаментінің басшы, нұсқау, әдістемелік,

нормативтік-техникалық құжаттарын, мемлекеттік қадағалау органдарының шешімдерін, кәсіпорынның бұйрықтары мен өкімдерін, сондай-ақ осы Ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

1.3. Еңбекті қорғау қызметі мәртебесі жөнінен негізгі өндірістік қызметтерге теңеледі, ал еңбекті қорғау мәселелері жөнінде бұл қызметтің шешімдерін, барлық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері орындауға міндетті.

1.4. Еңбекті қорғау қызметінің құрылымы мен адам саны осы Ережеде бекітілген міндеттері мен қызметіне сәйкес белгіленеді.

1.5. Еңбекті қорғау қызметінің басшылық қызметіне жоғары білімі және практикалық жұмыстан тәжірибесі бар, Еңбекті қорғау департаменті бекіткен бағдарлама бойынша біліктілігін арттыру курсынан өткен іскер маман тағайындалады. Еңбекті қорғау қызметінің басшысы белгіленген тәртіп бойынша еңбекті қорғаудың аймақтық басқармасынан аттестациядан өтеді.

1.6. Министрліктер, ведомстволар, бірлестіктер, концерндер, холдингтер, кәсіпорындар Еңбекті қорғаудың аймақтық басқармасымен келісе отырып, осы үлгі Ереже негізінде өндірістің ерекшеліктері мен айрықшылықтарын есепке алып өз ережелерін талдап жасаулары мүмкін.

1.7. Еңбекті қорғау қызметі кәсіпорын өзінің өндірістік қызметін тоқтатқан жағдайда ғана жойылады.

## **2. Еңбекті қорғау қызметінің міндеттері**

Еңбекті қорғау қызметінің негізгі міндеттері мыналар болып саналады:

2.1. Өндірісте қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын жасау және қамтамасыз ету жөнінде әлеуметтік-экономикалық, ұйымдық-техникалық, санитарлық-гигиеналық және емдеу-сақтандыру шаралар кешенін талдап жасау ж ә н е ж ү з е г е а с ы р у .

2.2. "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, еңбекті қорғау жөніндегі белгіленген ережелер мен нормаларды, техника қауіпсіздігі жөніндегі нұсқауларды жұмыс істеушілердің сақтауына, еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік қадағалау және қорғау органдарының ұйғарымдарының орындалуына бақылау жасау.

## **3. Еңбекті қорғау қызметінің міндетті ісі**

Кәсіпорынның еңбекті қорғау қызметі белгіленген міндеттерге сәйкес:

3.1. Кәсіпорында еңбекті қорғауды басқару жүйесін талдап жасауды, енгізуді және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

3.2. Еңбек қауіпсіздігі мәселелерінде кәсіпорынның, міндеттілік және өндірістік бөлімшелерінің жұмысын үйлестіріп отырады, кәсіподақ

ұйымдарының еңбекті қорғау жөніндегі уәкілдерімен және еңбекті қорғаудың аймақтық басқармасы қызметкерлерімен өзара бірлесіп әрекет жасайды.

3.3. Кәсіпорынның еңбек қауіпсіздігі жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссиясының қызметін ұйымдастырады.

3.4. Тиісті бөлімдермен және қызметтермен бірлесе отырып, еңбекті қорғау жағдайына бақылау жасайды және жұмыс орнындағы еңбек жағдайлары мен оны қорғаудың ахуалдары туралы әрбір қызметкерді дәл және толық ақпаратпен уақтылы қамтамасыз етеді, сондай-ақ адамның жеке басын қорғаудың тиесілі құралдары, жеңілдіктер мен өтемақылар туралы да хабардар жасайды.

3.5. Еңбек жағдайлары жөнінен жұмыс орындарын аттестациядан өткізуді ұйымдастыруға және өткізуге басшылық етеді.

3.6. Өндірістік процестер мен жұмыстарды жүргізудің қауіпсіздігіне, өндірістік жабдықтар, үйлер мен құрылыстардың, тұрмыстық үйлердің техникалық жағдайлары мен оларды пайдаланудың дұрыстығына бақылау ж а с а й д ы .

3.7. Жұмыс істеушілердің сүтпен, сабынмен, жуғызу және зиянсыздандыру құралдарымен, жоғары сапалы, ГОСТ-ға, техникалық шарттар мен өндіріс жағдайларына сай келетін аяқкиімдермен және жеке басты қорғаудың басқа да құралдарымен қамтамасыз болуын бақылайды, оларды қабылдаудың, сақтаудың, тазартудың, жуудың және жөндеудің ұйымдастырылуын бақылап отырады.

3.8. Жұмыс істеушілерді жұмыстың қауіпсіз әдістеріне кезінде оқытуды және оның сапалылығын, жұмысшыларға жолжоба беруді және олардың білімін тексеруді, жолжобаларды тіркеу журналының дұрыс жүргізілуін бақылайды.

3.9. Еңбекті қорғау мәселелері жөнінде кәсіпорын бөлімшелері үшін стандарттарда, ережелерде және нормативтік басқа құжаттарда көзделген техникалық құжаттардың бар-жоғына және олардың дұрыс жүргізілуіне бақылау ж а с а й д ы .

3.10. Жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің кіріспе жолжоба бағдарламаларын талдап жасайды, кәсіпорынға жұмысқа тұрған қызметкерлермен кіріспе жолжоба өткізеді.

3.11. Басшылармен мамандардың білімдерін тексеру жөнінде тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиясының жұмысын ұйымдастырады және оның қызмет істеуін қамтамасыз етеді. Комиссия жұмысына білімін тексеруден өткен адамдар қатыстырылады. Басшылар мен мамандардың білімдерін тексерудің нәтижесі х а т т а м а л а р м е н түзіледі.

3.12. Жұмыста анықталған кемшіліктерді және қауіпсіздік ережелері мен нормаларының бұзылуын жою туралы бөлімше басшылары мен басқа да лауазымды адамдарға ұйғарымдар береді.

3.13. Жаңа жолжобаларды, кәсіпорын стандарттарын (КСТ), жұмысшы

қауіпсіз жүргізу жөніндегі жаднамаларды талдап жасауды және қолданылып жүргендерін қайта қарауды ұйымдастырады, жолжобаларды талдап жасауда цехтар мен қызмет бастықтарына әдістемелік көмек көрсетеді.

3.14. Еңбекті қорғау кабинетінің жұмысын ұйымдастырады және оны қажетті оқу және көрнекті құралдармен, оқытудың техникалық құралдарымен және т.с. жабдықтау жөнінде шаралар қабылдайды.

3.15. Кәсіпорын бөлімшелерін еңбекті қорғау жөніндегі нормативті құжаттармен, ережелермен, жолжобалармен, плакаттармен және басқа да оқу құралдарымен қамтамасыз ету жөнінде шаралар алады.

3.16. Жұмыс істеушілердің барлық санаттарының, "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын зерттеп үйренуін, белгіленген тәртіп бойынша байқаулар, конкурстар өткізу, лекциялар оқу, көрмелер, витриналар мен стенділер жасау, ережелер, жолжобалар мен плакаттар тарату, кино, диафильмдер және т.с. көрсету жолымен еңбекті қорғау мәселелерін насихаттауды ұйымдастырады.

3.17. Тиісті бөлімдермен, қызметтермен бірлесе отырып, еңбек жағдайларын жақсарту және сауықтыру шараларын талдап жасауды ұйымдастырады, бұл шараларды қорытындылап, талдау жасайды.

3.18. Бөлімшелердегі еңбек жағдайларының жалпы ахуалына (сирек дегенде тоқсанда бір рет), сондай-ақ қауіпсіздік ережелері мен нормаларының, жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі жолжобалардың бұзылуына талдау жасайды, жүргізілген шаралар мен қабылданған шешімдердің тиімділігін зерттейді.

3.19. Ұжымдық шарттың "Еңбекті қорғау" бөлімінің даярлауды, еңбекті қорғау жөніндегі номенклатуралық шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

3.20. Өндірістегі жазатайым жағдайларды, кәсіби аурулар мен апаттарды тергеуге қатысады, олардың есебін жүргізеді. Тергеу материалдарын облыстық еңбекті қорғау басқармасында тіркейді. Жазатайым жағдайларға талдау жасаудың нәтижелері бойынша тиісті бөлімшелердің қызметкерлерімен бірлесе отырып, олардың алдын алу жөнінде шараларды талдап жасайды, және бұлардың орындалуына бақылау жасайды.

3.21. Кәсіпорын цехтарының, бөлімдері мен қызметтерінің басшыларын кәсіпорында, сондай-ақ басқа кәсіпорындарда болған жазатайым жағдайлар туралы хабардар етеді.

3.22. Өндірістік жабдықтар мен объектілердің қауіпсіздік құралдарымен жабдыкталуына бақылау жасайды.

3.23. Өндіріске сақтандырудың алдын алатын және қорғайтын неғұрлым жетілдірілген құрамалық қондырғыларды, басқа құралдарды талдап жасауға және енгізуге қатысады, жүргізілген шаралардың тиімділігіне талдау жасайды.

3.24. Стандартты емес жабдықтарға, жаңа өндірістер салуға, жекелеген цехтарды, санитарлық-тұрмыстық үйлерді қайта құруға, үйлерді, құрылыстарды және технологиялық жабдықтарды күрделі жөндеуден өткізуге жобалау-техникалық құжаттарды қарап талқылауға қатысады.

3.25. Жаңа және қайта құрылған өндірістік объектілерді, санитарлық-тұрмыстық, және қойма үйлерін, жабдықтарды, сондай-ақ технологиялық процестерді пайдалануға қабылдау, жаңа техникалар үлгілерін сынақтан өткізу және өндіріске енгізу жөніндегі комиссияның жұмысына қ а т ы с а д ы .

3.26. Бұйрықтардың, шешімдердің, нұсқаулардың өкімдердің жобаларын, еңбекті қорғау мәселелері жөнінде әдістемелік және шолу құжаттарын д а я р л а й д ы .

3.27. Қызметтің құзырына жататын мәселелер жөнінде еңбекті қорғаудың аймақтық басқармаларымен, мемлекеттік қадағалаудың жергілікті органдарымен, ғылыми-зерттеу институттарымен және басқа ұйымдармен оперативті байланыс жасайды. Ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық ұйымдардың еңбекті қорғау саласындағы нұсқаулары мен ұсыныстарын өндіріске енгізуді ұйымдастырады және оған бақылау жасайды.

#### **4. Еңбекті қорғау қызметінің құқықтары**

Еңбекті қорғау қызметінің мынадай құқықтары бар:

4.1. Кәсіпорынның бөлімшелерінен еңбекті қорғау мәселелері жөнінде материалдар сұратуға және алуға, еңбекті қорғау жөніндегі ережелер мен нормаларды, қауіпсіздік техникасы жөніндегі жолжобаларды бұзуға жол берген адамдардан жазбаша түсініктемелер талап етуге.

4.2. Құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан белгілі бір жұмысты атқаруға рұқсат етілмеген немесе еңбекті қорғау жөніндегі ережелер мен нормаларды, қауіпсіздік техникасы жөніндегі жолжобаны өрескел бұзған адамдарды жұмыстан босатуды талап етуге. Бұл талаптар міндетті түрде о р ы н д а л у ы т и і с .

4.3. Егер жұмыс істеушілердің өміріне және денсаулығына, қауіпті болса немесе апатқа соқтыруы мүмкін болса, жекелеген учаскелерде машиналарды, жабдықтарды пайдалануға және жұмыс істеуге тыйым салуға, бұл жөнінде кәсіпорын басшысын немесе қожайынын хабардар ету керек.

4.4. Кәсіпорын басшысымен келісе отырып, еңбекті қорғау жағдайын тексеруге басқа бөлімшелердің тиісті мамандарын қатыстыруға.

4.5. Кәсіпорын басшысына салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жөнінде белсенді жұмыс атқарған жекелеген қызметкерлерді көтермелеу туралы

ұсыныстар жасауға және еңбекті қорғау жөніндегі ережелер мен нормалардың бұзылуына, өндірісте орын алған жазатайым жағдайларда кінәлі адамдарды белгіленген тәртіп бойынша тәртіптік жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныстар е н г і з у г е .

4.6. Кәсіпорынның өндірістік, қызмет және тұрмыстық үйлерін кедергісіз қарауға, еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі құжаттармен танысуға, бөлімше басшыларына анықталған тәртіп бұзушылықты жою жөнінде орындалуы міндетті болып табылатын ұйғарымдар беруге.

4.7. Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда еңбекті қорғау мәселелері талқыланған жағдайда кәсіпорын басшысының (қожайынының) нұсқауы бойынша өкіл болуға.